

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары ортаңғы топ

Қаңтар айы 2023 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Аяқты бұгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптанбұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру Тепе-тендікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; Допты жоғары лақтыру, тәмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. көлбеу модуль бойымен, туннельарқылы еңбектеу; Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып секіру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шенберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).</p> <p>Қимылды ойындар Қимыл тұрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p>

Мадени-шашшының дәрбіліктерінің көзіндеңдеру.
Күнделікten ойнуде шашшының дәрбіліктерінің санын
көзегінің бізу. Тамактар жағында көзде жуу, пітертей
және кепке төрт манда дәрбіліктерінің көзіндеңдеру.
Мадени-шашшының дәрбіліктерінің жегінің ру, тамактану,
жүйе көзінде кираптап мінез-куйын дәрбіліктерін
көзіндеңдеру.
Балшарым сұртқы кейбенің бакылауды үйрету; сабынды
дүрыс көздешуды, көзди, бетті, күлакты таңдалы жууды,
жүйештап кейін күршін сұртқы, орамалды орнына
шудай, тариктә және көп орамалды пайдалапуды үйрету.
Үсеген баскенде маденинегі тамактану дәрбіліктерін

	<p>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды менгерту</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу</p>
Қазак тілі	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-катьнас жасауына жағдай жасау: өзінің алған әсері мен калауын білдіруге, сәлемдесуде сырایы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Коршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бүйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ойыншиқтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу</p>
Математика негіздері	<p>Сан.</p> <p>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру коршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p>Шама.</p> <p>салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу</p> <p>Геометриялық пішіндер</p> <p>Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстau және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p>

Озинің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне катыстықеністік бағыттарын анықтауды пысықтау:

Уақытты бағдарлау.

Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертен-кешке.

Құрастыру

Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыш бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажыратса білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсейу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.

Сурет салу

Бірнеше көлденең және тік сзызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді.

Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сұртіп кептіруді үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап (қызылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.

Мүсіндеу

Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.

Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сактауға, ұқыпты болуға баулу.

Жапсыру

Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды, жаймадағы дайын ұлғіге жағуды, желімнің қалдықтарын сұртуге майлышты қолдануды жетілдіру.

Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.

Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.

Музыка

Музыка тындау

Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажыратса білуді жетілдіру.

Ән айту.

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипаттын жеткізуді (көнілді, созып, ойнақы айту) үйрету

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.

Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды.

Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Балаларды музыкалық аспап маракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.

Қоршаған ортамен таныстыру

Бала, оның отбасы, үйі.

Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға үйрету

Заттық әлем.

Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Көлік, байланыс құралдары.

Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру

Еңбекке баулу.

Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құралжабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (қамқор, сезімтал және іскер) аудару

Менің Отаным – Қазақстан.

Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.

Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.

Өсімдіктер әлемі.

бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын қалыптастыру

Жануарлар әлемі.

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.

Табиғатта қауіпсіз мінез-құлыш өрежелерін сақтау
серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру